



АЙМАҒЫМ АЛТЫН БЕСІГІМ

Құла түзі құлан жортып, ойнақтар,
Жер емес бұл жел сөзбенен жай мақтар.
Сарыарқаның самал сүйген төсінде,
Шет ауданы деген ғажап аймақ бар.

Кең жазықты, асқар таулы, қиялы,
Келбетіне қай мақтау да сыяды.
Аймағым бұл -
Топырағын шаң қылған,
Кенесары тұлпарының тұяғы.

Туған өлкем!
Бақытым-ай! Бағым-ай!

Кендігінен бұлдыраған сағым-ай.
Таятқанда сүргін салған дұшпанға,
Алашымның ақжолтайы - Ағыбай!

Аймақ қой бұл әнге де бай, күйге бай,
Пешенеге тағдыр берген сый талай.
Ақ найзамен қорғап қалған жер осы,
Кешегі өткен Сеңкібай мен Жидебай!

Аюлыға арқа тіреп сан мықты,
Қас дұшпанды қыр асырып, қаңғытты.
Бата берген Абайына қазақтың,
Ботантайдың ділмар ұлы Жанқұтты.

Тарихың бар қара нарға артардай,
Ырыс-құтың жетер бізге ортаймай.
Жер бесіксің, дамыл тапқан төсінде,
Ұлы жырау - Қанайұлы Шортанбай.

Шырайыңды келтірегін сәнді егіп,
Ұлылықтан көрген емес мән кетіп.
Сайран салған Сейфолланың Сәкені,
«Тау ішінде» - Тағылыда әндетіп.

Шындарындай Толағайдың, Матақтың,
Шын дарындар туған сенен атакты.
Әбди, Сембек, Қыздарбектер күй төгіп,
Жыр ағызған Маясары Жапақтың.

Баба жолы ұрпағына жалғасқан,
Бар қазірде ұландарың- алдаспан.
Атағыңды аспандатты емес пе,
Академик, ғалымдарың, марқасқан.

Сағым далам, самал жұтып, жортатын,
Сәл ұзасам сағынышым артатын.
Сенен ыстық жер жаһанда жоқ мекен,
Мені өзіне магнитше тартатын!

Ақ селеулі, боз жусанды бақ далам,
Мақтана алсам - тек өзіңмен мақтанам.
Керегі жоқ бас айналар атақ, даңқ,
«Шеттің ұлы» деген жетер ат маған!

Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ,

Шет шұғыласы.- 2018.- 13 қыркүйек (№38).- 1 б.